

## "Шахтинск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

### Күшін жойған

Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 9/17 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 сәуірде № 3118 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 25 мамырдағы N 18/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің 25.05.2016 N 18/01 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына сәйкес, Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса берілген "Шахтинск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А. Аглиулин

Ш а х т и н с к	қ а л а с ы	ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 5	ж ы л ғ ы	наурыздады
№	9 / 1 7	қ а у л ы с ы м е н
бекітілген		

## "Шахтинск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Шахтинск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы қызметті үйлестіруді және басшылық жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының

Конституциясынажәне заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Мемлекеттік мекеме егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Мемлекеттік мекеме құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Қазақстан көшесі, 101.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Шахтинск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – Государственное учреждение "Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Шахтиска".

10. Осы Ереже мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға тұсуге тыйым салынады.

Егер мемлекеттік мекемеге заңнамалық актілермен кірістер экелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындағы қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Миссиясы: тұрғын үй қатынастары, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

14. Міндеттері:

1) тұрғын үй қатынастары, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары саласындағы заңнаманы орындау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттер.

15. Функциялары:

1) тұрғын үй қорын сақтау және тиісінше пайдалану жөнінде іс-шаралар үйымдастыруды қамтамасыз ету;

2) тұрғын үй қорына түгендеу жүргізу;

3) тұрғын үй инспекциясының кондоминиум объектісін басқару органдарының тұрғын үй қорын сақтау және тиісінше пайдалану жөніндегі қызметін бақылау жөніндегі жұмысын үйымдастыру;

4) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын жайларын бөлуді үйымдастыру;

5) заңнамада көзделген шарттармен және Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген тәртіпте коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді Қазақстан Республикасының азаматтарының меншігіне беруді жүзеге асыру;

6) қала жолдарын қолдануды және оларды күтіп ұстауды үйымдастыру;

7) Қазақстан Республикасының көлік саласындағы заңнамасына сәйкес жолаушылар тасымалын үйымдастыру;

8) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды іске асыру.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік мекеменің құзырлығына жататын мәселелер бойынша мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардан, үйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды, жеке және занды тұлғалардан ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұрату және алу;

2) ақпараттық мәліметтердің барлық түрлерін пайдалануға, мемлекеттік мекеменің құзырлығына жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, үйымдармен және барлық меншік нысанындағы мемлекеттік емес үйымдармен қызметтік хат алмасуды жүргізу;

3) қала әкімдігінің және мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың отырыстарына қатысу;

4) Қазақстан Республикасының қолданымдағы заңнамасымен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттері бар.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін үйымдастыру**

17. Мемлекеттік мекемеге басшылықты мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысын қала әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

19. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік мекеме жұмысына жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады;

2) қала әкімдігіне мемлекеттік мекеменің ережесі мен құрылымын және олардағы өзгерістерді бекітуге ұсынады;

3) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің лауазымдық нұсқауларын бекітеді;

4) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

5) мемлекеттік органдарда, басқа да үйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

6) шарттар жасайды;

7) банктік шоттар ашады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне ынталандыру шараларын қолданады және оларға тәртіптік жаза қолданады;

10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар қабылдайды;

11) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына жеке жауапкершілік жүктеледі;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы ережемен және үәкілетті органмен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

20. Мемлекеттік мекеме заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер

есебінен қалыптастырылады.

21. Мемлекеттік мекемеге бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заннамада өзгеше көзделмесе, мемлекеттік мекеменің өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта үйымдастыру және тарату**

23. Мемлекеттік мекемені қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК